

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 маусымда № 7208 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 18.11.2020 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шалқар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушының 2020 жылғы 17 маусымдағы № 16-8/76 ұсынысы негізінде, Шетырғыз ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малы арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты, Шетырғыз ауылдық округінде орналасқан "Қуаныш" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шетырғыз ауылдық округінің әкімі

Ж. Табынбеков